

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары
Кеңесінің отырысының
Хаттамасы**

Астана қаласы

11 желтоқсан 2015 ж.

Төрағалық еткен: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры **Сыдықов Е.Б.**

Қатысқандар: (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасы ЖОО ректорлары Кеңесінің жұмысының қорытындысы.

2. Қазақстан Республикасы ЖОО ректорлары Кеңесінің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

3. АЭФ шеңберінде Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумын ұйымдастыру және өткізу туралы.

4. Өртүрлі

4.1 Уәлиханов атындағы КМУ-нің жоғары оқу орнының президенті лауазымын енгізу туралы ұсынысын талқылау.

4.2 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын жүзеге асыруға қатысты нормативті-құқықтық актілердің жобаларын талқылау.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесіне қатысушылардың пікірлер алмасуы нәтижесінде шешімдер қабылданды

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасы ЖОО ректорлары Кеңесінің 2015 жылғы жұмысының қорытындысы туралы ақпараты ескеруге алынсын және Қазақстан Республикасы ЖОО ректорлары Кеңесінің 2016 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін (қосымша ұсынылады).

2. ҚР ЖОО ректорлары Кеңесі (Сыдықов Е.Б., Әбжаппаров Ә.Ә.) 2016 жылғы 1 наурызға дейін ректорлар Кеңесі қызметінің құқықтық формаларын анықтауға және юстиция органдарында құжаттарды тіркеуге қатысты жұмыстар аяқталсын.

3. ҚР ЖОО ректорлары Кеңесі (Сыдықов Е.Б., Әбжаппаров Ә.Ә., Пірәлиев С.Ж., Сарыбеков М.Н., Мамраев Б.Б., Шаймарданов Ж.К.) **2016 жылғы 20 қаңтарға дейін:**

3.1 Астана Экономикалық Форумы шеңберінде жүргізілетін, Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумын еткізу күні мен еткізілетін орнын анықтасын.

3.2 Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумын еткізу тұжырымдамасының жобасын ұсынсын.

3.3 Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумының арнайы логотипін өзірлесін.

3.4 Келесі сұрақтар бойынша ұсыныстар енгізісін:

- Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумын еткізудің Ұйымдастыру комитетінің құрамына енетін кандидатуралар бойынша;

- Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумын еткізу бағдарламасы мен басты спикерлер бойынша;

- Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумының сапалық және сандық құрамы бойынша;

- Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумының әлеуетті қолдаушылары бойынша ұсыныстар енгізісін.

3.5 Еуразиялық кеңістіктегі ректорлар форумын еткізуге қатысты ұйымдастырушылық ісшаралар жоспарының жобасын дайындасын.

3.6 Осы хаттаманың 3.1 – 3.5 баптарының орындалуы ректорлар Кеңесінің 2016 жылғы бірінші тоқсанындағы отырысында қарастырылсын.

4.1 Ректорлар Кеңесі төрағасының орынбасары Байтұрсынов атындағы КМУ (Валиев Х.Х.), Уәлиханов атындағы КМУ (Ә.Ә.Әбжаппаров) **2016 жылғы 11 қаңтар дейін** жоғары оқу орнының президенті лауазымын енгізу жөнінде жобаны дайындасын және ректорлар Кеңесі мүшелеріне танысу үшін жіберсін. Қорытынды нұсқасы ректорлар Кеңесінің 2016 жылғы бірінші тоқсанындағы отырысында қаралсын.

4.2 **Аймақтық кеңестердің төрағалары** (Пірәлиев С.Ж., Мамраев Б.Б., Сарыбеков М.Н., Шаймарданов Ж.К., Әбжаппаров А.А.) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын жүзеге асыруға қатысты ЖЖООКБХЫД әзірлеген нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын қарастырсын және талқыласын. **2015 жылғы 22 желтоқсанға дейін** ҚР ЖОО ректорлары Кеңесіне asem0808@mail.ru электронды адресіне ұсыныстар жіберілсін.

ҚР ЖОО ректорлары

Кеңесінің Төрағасы,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры

Е.Сыдықов

ҚР ЖОО ректорлары

Кеңесінің хатшысы

А. Молдажанова